

орталықтан басқарылатын әкімшілік жүйеге бағындыру еді. Сонымен қатар, реформалар жайылымдық жерлер мен көшпелі бағыттардың құрылымын да бұзып, қазақтардың еркін маусымдық көшіп-қонуына тосқауыл қойды. Жер пайдалану мен мал жайылымдары әкімшілік шекаралармен бекітіліп, империялық заң мен тәртіпке бағыну міндетті болды. Нәтижесінде бұл реформалар қазақ даласында этномәдени трансформацияға апарды: көшпелі өмір стилінен біртіндеп отырықшылыққа өту, рулық-тайпалық жүйенің ыдырауы және жаңа әкімшілік-әлеуметтік топтардың қалыптасуы басталды [7] Осылайша, XIX ғасыр реформалары қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын қайта құрумен бірге қазақ даласында жаңа тарихи кезеңнің, яғни отырықшы әкімшілік-әлеуметтік құрылымның негізін қалаған.

Зерттеулер көрсеткендей, XIX-XX ғасырларда Ақмола өңірінің тарихи-әкімшілік дамуы қазақ даласындағы әлеуметтік құрылымдардың түбегейлі трансформациясымен тығыз байланысты болды. Әкімшілік аумақтық және құқықтық реформалар дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымды әлсіретіп, көшпелі өмір салтынан біртіндеп отырықшылыққа өтуге жол ашты. Бұл процесс халықтың территориялық орналасуын тұрақтандырып, этномәдени жүйелердің қайта құрылуына мүмкіндік берді. Империялық әкімшілік жүйенің енгізілуі жер пайдалану, кочевалық маршруттарды бақылау, билік институттарын орталықтандыру арқылы өңірдің әлеуметтік және саяси тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, тарихи-географиялық зерттеулер, топонимдік материалдар және гидрологиялық сипаттамалар Ақмола облысының табиғи ресурстары мен әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін айқындауға мүмкіндік берді. Жалпы, XIX-XX ғасыр реформалары өңірдің қазіргі әкімшілік-аумақтық құрылымын қалыптастырып, әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму перспективаларын айқындаған тарихи фактор ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу Ақмола облысының тарихи динамикасын кешенді түсінуге және Қазақстанның орталық өңірінің дамуын ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. История развития образования Акмолинской области // Жасstar. - 2016. - №1-4. 50 с.
2. Г. Спасский «Сибирский вестник». - 1818. - № 4. 318 с.
3. Левшин А. Описание Киргиз-Казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб., 1832. - 264 с.
4. Конкашпаев Г.К. Топонимика Казахстана: этнографический и лингвистический анализ. - Алма-Ата, 1949.
5. Адай Секенұлы, И. Бекзатқызы. *Ақмола облысының тарихи топонимдері*. - Қарағанды: 2001.
6. И. Бекзатқызы. *Ақмола облысының тарихи топонимдері*. - Алматы 96 б.
7. Shaukenov A. Administrative and Territorial Changes and Legal Reforms in the Kazakh Steppe in the 19th Century - Almaty: 2014. - 109 p.

## **СӘУКЕЛЕ МӘДЕНИ ФЕНОМЕНИ: ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ**

**Қабделова З.Б.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.  
[kabdelovazuhra@gmail.com](mailto:kabdelovazuhra@gmail.com)  
Алматы қ.

Сәукеле сөзі қазақ тіліндегі «сәуле» немесе «нұр» мағыналарын білдіретін «сәук» сөзінен шыққан деп есептеледі. Бұл сөздің түбірі жарық, нұр, сәуле сияқты ұғымдармен байланысты. Сәукеле қазақтың дәстүрлі үйлену салтында қыз баланың ерекше мәртебесін, оның бойжеткендігін көрсететін киім болып табылады. Тарихи тұрғыдан, сәукеле тек үйлену тойында киген бас киім емес, ол әйелдің әлеуметтік статусы мен мәдениетін, сондай-ақ оның отбасындағы рөлін бейнелейтін символ болып саналған. Сәукеле қазақ халқының тұрмысында әйелдің қадір-қасиетін, инабаттылығын көрсету үшін қолданылған.

Қазақтың материалдық мәдениетінде ерекше орын алатын бұйымдардың бірі - сәукеле. Ол тек сәндік бас киім емес, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымының, эстетикалық талғамының, әлеуметтік қатынастары мен салт-дәстүрінің көрінісі болып табылады. Сәукеле - қыздың тұрмысқа шығуына байланысты киілетін, оның жаңа әлеуметтік мәртебесін білдіретін мәдени

феномен. Бұл бұйым дәстүрлі қазақ қоғамында ұзатылатын қыздың ең маңызды киімдерінің бірі саналған және оның мазмұнында әйелдің жаңа өмірге қадам басуы, отбасы құру, қауымдағы әлеуметтік рөлі, әулеттердің арасындағы қарым-қатынас сияқты терең мағыналар сақталған [1].

Сәукеле тек киім емес, ол - әлеуметтік белгі. Қазақ қоғамында әрбір бұйымның өзіндік мәні, қоғамдағы орны мен қызметі болған. Сәукеле арқылы ұзатылатын қыздың әулетінің байлығы, мәртебесі, әлеуметтік жағдайы, көркемдік талғамы байқалатын. Оны дайындау процесі ұзақ әрі күрделі болғандықтан, тек шебер зергерлер мен үлкен тәжірибесі бар ісмер әйелдер бұл жұмысты атқарған. Құрамында алтын, күміс, асыл тастар, меруерт, маржан, салпыншақтар, жібек маталар қолданылған. Сәукеленің әрбір элементі өзіндік символдық мағынаға ие: төбесі - биіктік пен өрлікті, салпыншақтары - рудың, әулеттің жалғастығын, ал әшекейлері - қыздың сұлулығын, тазалығын, берекелі өмірге қадам басуын білдіреді.

Бұл бас киімнің этнографиялық маңызы да зор. Ол қазақ халқының тарихи-әлеуметтік құрылымын, отбасылық дәстүрлерін, әйел рөлінің қоғамдағы орнын айқын көрсетеді. Әсіресе, әйелге қатысты салт-жоралғылардың ішінде сәукеленің орны ерекше. Себебі ол қыз баланың ересек өмірге өтуінің белгісі болып саналған. Сәукеле киген қыздың жаңа әулетке баруы, оның жеке әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі - дәстүрлі қоғамда маңызды ритуалдық құбылыс болған.

Сәукеле - қазақтың эстетикалық әлемінің көркемдік коды. Оның түр-түсі, әшекейлеу техникасы, қолданылған материалдары көшпелі қазақтардың сұлулыққа деген ерекше көзқарасын байқатады. Сәукеленің жасалу жолдары, оның өңделуі мен композициясы қазақ қолөнерінің жоғарғы шеберлік деңгейін көрсетеді. Бұл бұйымның әрбір деталі ұрпақтан-ұрпаққа жеткен өнердің жалғастығын, ұлттық мәдениеттің тереңдігін айғақтайды.

Қазіргі кезеңде сәукеле мәдени мұра ретінде қайта жаңғыртылып, этнографиялық, тарихи және эстетикалық құндылығы жағынан қоғам тарапынан ерекше қызығушылыққа ие болуда. Ұлттық киімдерге, оның ішінде сәукеле сияқты ритуалдық бұйымдарға деген зерттеушілердің, этнографтардың, дизайнерлердің қызығушылығы артып келеді. Сәукеленің мәдени феномен ретіндегі маңызын зерттеу - қазақ халқының өткен өмірін, дүниетанымын, салт-дәстүрін терең түсінуге, ұлттық болмыстың мәнін ашуға мүмкіндік береді [2].

«Сәукеле мәдени феномені: дәстүрлі қазақ қоғамының этнографиялық көрінісі» тақырыбын зерттеу кешенді, көпқырлы ғылыми тәсілді талап етеді. Сәукеле - тек материалдық өнер туындысы емес, сонымен бірге әлеуметтік, мәдени, ритуалдық, тарихи ақпаратты сақтайтын феномен болғандықтан, оны жан-жақты талдау үшін бірнеше ғылыми әдістер қолданылады.



1-сурет

«Сәукеле мәдени феномені: дәстүрлі қазақ қоғамының этнографиялық көрінісі» тақырыбында бірнеше ғалымдар өз зерттеулерінде сәукеленің қазақ қоғамындағы маңызын және оның мәдени құндылығын қарастырған.

Солардың бірі, көрнекті этнограф ғалым, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысын зерттеген ғалымдардың бірі Халел Арғынбаевтың пікірінше, сәукеле қазақ қоғамында қыз баланың, әсіресе, үйлену тойында өте маңызды рөл атқаратын киім. Ол сәукелені тек сәнді бас киім ғана емес, сонымен қатар қыздың әлеуметтік жағдайын, оның отбасы мен қоғам алдындағы мәртебесін көрсететін символ ретінде қарастырады. Ғалымның айтуынша, сәукеле бір жағынан қоғамдағы дәстүрлер мен діни сенімдерді бейнелесе, екінші жағынан әйел адамның мәдени және этникалық бірегейлігін білдіреді.

Этнограф ғалым, Қаржаубай Сартқожаұлы - қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеген беделді ғалым. Оның пікірінше, сәукеле тек әйелдің сыртқы көрінісін ғана емес, оның рухани және моральдық қасиеттерін де көрсететін ерекше мәдениет. Сәукеле кию дәстүрі, оның өзіне тән әшекейлер мен ою-өрнектерінің терең мағынасы бар және ол қазақ қоғамындағы әйелдің ерекше орнын айқындайды. Қаржаубай Сартқожаұлы ғалым ретінде сәукелені қазақ қоғамында әйелдің инабаттылығы мен дәстүрді сақтаушы ретіндегі рөлін де талқылаған.

Қазақ мәдениетін зерттеген шет елдік ғалымдар көп, солардың бірі Людмила Кисель. Ол қазақ халқының ұлттық киімдеріне, оның ішінде сәукеленің маңызына ерекше көңіл бөлген. Л. Кисельдің зерттеуіне сәйкес, сәукеле тек тойларда қолданылатын киім ғана емес, ол қазақ әйелінің қоғамдағы орнын, оның отбасы алдындағы міндетін көрсететін символ. Ғалым сәукеледе қолданылатын ою-өрнектердің әрқайсысының белгілі бір мағынасы бар екенін атап өткен.

Зерттеу барысында мәдениеттанулық талдау әдісі де маңызды орын алады. Бұл әдістің көмегімен сәукеле тек этнографиялық зат ретінде емес, қазақ халқының рухани-мәдени коды, ұлттық болмысының айқын нышаны, символдық мағынасы терең жәдігер ретінде қарастырылады. Мәдениеттанулық тұрғыдан сәукелені талдау оның құрылымындағы көркемдік элементтердің, ою-өрнек тілінің, түс таңдау ерекшеліктерінің, әшекейлер жүйесінің халықтың дүниетанымымен қалай байланысатынын ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы сәукеленің қоғамдағы мәдени мағынасы, оның идеологиялық қызметі, яғни қазақ қоғамындағы әйел мәртебесіне қатысты көзқарасты білдіруі, отбасының абыройын танытуы, әлеуметтік қатынастарды нығайтудағы рөлі терең зерделенеді. Сәукеленің эстетикалық қыры да жеке зерттеу нысанына айналады: оның көркемдік үйлесімі, пропорциясы, әшекейлеу техникасы, қолөнер шеберлерінің қолданған материалдарымен жұмыс істеу деңгейі арқылы қазақтың дәстүрлі өнер жүйесі мен сұлулыққа деген талғамы айқындалады. Мәдениеттанулық әдіс сәукеленің ғасырлар бойы жалғасқан мәдени мұра ретінде бүгінгі қоғамда қайта жаңғырып, ұлттық иденттіліктің маңызды бөлігіне айналғанын түсіндіруге мүмкіндік береді [4].

Бұл зерттеу барысында сәукеленің дәстүрлі қазақ қоғамындағы мәдени, әлеуметтік және ритуалдық рөлі жан-жақты талданады. Жиналған этнографиялық, тарихи және көркемдік деректер сәукеленің қарапайым бас киім емес, күрделі мәдени феномен екенін айқын көрсетеді.

Талдау нәтижелері бойынша ең алдымен сәукеленің қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебе маркері болғаны анықталады. Сәукеле киген қыздың тұрмысқа шығу жоралғысындағы мәртебесі ерекше болған. Ол қыздың жаңа әулетке өтуін білдіретін символдық белгі ретінде қабылданған. Сәукеленің көлемі, салмағы, қолданылған материалдардың құндылығы - болашақ келіннің әулетінің байлығы мен беделін таңытатын көрсеткіш болған. Бұл - киімнің тек функциялық емес, әлеуметтік-коммуникативтік қызметін көрсетеді.

1-кесте

Бағыт	Қысқаша сипаттама	Нәтиже
Әлеуметтік маңызы	Қыздың келін болуын білдіретін бас киім	Сәукеле - әлеуметтік мәртебе символы
Этнографиялық қыры	Дәстүрлі жоралғылармен байланысты	Әйелдің қоғамдағы орнын көрсетеді
Көркемдік ерекшелігі	Әшекей, маржан, күміс қолдану	Қазақ қолөнерінің жоғары деңгейін дәлелдейді
Символдық мәні	Биіктік, салпыншақ, ою-өрнек	Әр элементтің терең мағынасы бар
Қазіргі қолданысы	Этношаралар, сән индустриясы	Сәукеле мәдени мұра ретінде қайта жаңғырды

Зерттеу нәтижелері сәукеленің эстетикалық және көркемдік құндылығының жоғары болғанын көрсетеді. Мұражай үлгілерін талдау барысында сәукеленің жасалу техникасы бірдей емес, аймақтық ерекшеліктерге байланысты әр алуан екені анықталады. Жетісу өңірінің сәукелелері маржанмен, салпыншақтармен бай өрнектелсе, Сыр бойындағы үлгілерде күміспен қапталған өңіржиектер басым. Бұл қазақтың әр тайпа-руының өзіндік өнер дәстүрінің болғанын дәлелдейді.

Сәукеле - қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде маңызды орын алған, бірақ оның діни аспектілері туралы да айта кету қажет. Діни тұрғыдан қарағанда, сәукеле қазақ қоғамында қыз баланың келін болып түсуі мен отбасылық өмірге қадам басуымен байланысты маңызды белгі. Бұл бас киімнің киілуі, негізінен, үйлену дәстүрімен тығыз байланысты болғандықтан, ол қоғамдағы әйелдің рөлін, оның отбасы мен жалпы қоғам алдындағы мәртебесін көрсететін символ болып табылады.

Діни және мәдени тұрғыдан, сәукеле әйелді әлеуметтік тұрғыда жоғары бағалаудың, оның әдептілік, инабаттылық, мәдениеттілік сынды қасиеттерін көрсетудің бір түрі. Оны киюдің ерекше мәні, жас қыздың бойжеткен, келін, кейін ана рөлдеріне көшу кезеңдерінде оның рухани өсуі мен қасиеттілік сипатын білдіреді. Осы тұрғыдан, сәукеле кию дәстүрі - әйелдің қоғамдағы маңызды рөлін ерекше бағалау, оның ізгілік пен тазалықтың бейнесі ретінде құрметтелуін білдіреді.

Мысалы, белгілі қазақ ғалымдары Шоқан Уәлижанов пен Әлкей Марғұлан пайымдауынша, сәукеле қазақ қоғамындағы тек қалыңдықтың сәндік баскиімі ретінде емес, оның жаңа отбасы алдындағы әлеуметтік мәртебесін және жауапкершілігін бейнелейтін рәміздік белгі ретінде қарастырылған. XVIII-XIX ғасырлардағы дәстүрлі ортада бұл түсінік әсіресе Жетісу, Арқа және Сыр бойы өңірлерінде айқын көрініп тапқан, себебі бұл өңірлерде келіннің абыройы мен жаңа әулетке көрсететін құрметіне ерекше мән берілген. Сәукеленің биіктігі, әшекейінің молдығы мен қолданылған материалдардың қымбаттылығы қалыңдықтың шыққан ортасына ғана емес, оның қабылдаған әлеуметтік рөлін, жаңа отбасына деген құрметі мен жауапкершілігін білдіретін символдық мәнге ие болған.

Сәукеле, жалпы алғанда, дәстүрлі қазақ қоғамында діни сенімдермен ұштасып жатса да, оның мәні көбіне мәдениет пен әлеуметтік құрылымға негізделген. Әйелдің қадірін, отбасылық жауапкершілігін және оның қоғамдағы орнына деген құрметін танытатын киім ретінде сәукеле діни тұрғыдан да маңызды рөл атқарып келеді.

Сәукеленің символдық мәні де терең талданады. Оның төбесінің биік болуы - қыздың тазалығы мен биік мәртебесін, жаңа өмірге ұмтылысын, келешекке деген үмітін білдіреді. Салпыншақтар - ұрпақ жалғастығының, әшекейлі жіптер мен өрімдер - отбасындағы береке мен үйлесімнің белгісі ретінде қарастырылған. Бұл сәукеленің ритуалдық мазмұнын күшейтеді [6].

Әлеуметтік-антропологиялық талдау сәукеленің қыз баланың өміріндегі өтпелі кезеңді рәсімдеуде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Сәукеле кию - қыздың бойжеткеннен келінге айналуындағы басты ритуалдың бір бөлігі болған. Бұл жоралғы қазақ қоғамындағы әйелдің рөлі, оның жаңа статустық деңгейге көтерілуі, әулетаралық байланыстар жүйесін нығайту сияқты әлеуметтік процестермен тығыз байланысты болған.

Зерттеу нәтижесінде сәукеленің қазақ халқының мәдени кодын сақтаушы элемент екені дәлелдейді. Сәукеленің формасы, түсі, әшекейлері, композициясы - қазақтың эстетикалық мұратының, дүниетанымының және ұлттық өнер ерекшелігінің көрінісі.

Талдау нәтижелері сәукеленің тек киім емес, қазақ мәдениетінің көп қатпарлы, символдық, әлеуметтік және эстетикалық мәнге ие құнды феномені екенін көрсетеді. Сәукелені зерттеу арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, дүниетанымын, әйел мәртебесіне қатысты көзқарасын және материалдық мәдениетінің байлығын терең түсінуге мүмкіндік туады.

Сәукеле - қазақ халқының мәдени болмысын тереңінен танытатын ерекше құндылық. Бұл бас киімді зерттей отырып, оның тек сәндік немесе тұрмыстық бұйым емес, тұтас бір дүниетанымның, салт-дәстүрдің, эстетикалық талғамның, отбасылық құндылықтардың бейнесі екенін анық көруге болады. Өз ойымша, сәукеле - қазақ қоғамындағы әйелдің мәртебесін, оның жаңа өмірге қадам басуын, әулетінің абыройын көрсететін ерекше символ. Ол - қыз баланың бойжеткеннен келінге айналуының ең әсерлі, ең жауапты сәтін айшықтайтын рухани-мәдени белгі.

Сәукеленің әрбір деталі - салпыншақтары, биік төбесі, меруерттері, маржандары - халқымыздың көркемдік талғамынан, сұлулықты сезінуінен хабар береді. Сонымен бірге, бұл бас киім ұлттық өнердің нәзік те күрделі үлгісі екенін дәлелдейді. Қазақ шеберлері мен зергерлерінің сәукеле жасаудағы ұқыптылығы, жан-күймен істеген еңбегі - халқымыздың өнерге деген құрметін көрсетеді.

Менің ойымша, сәукелені зерттеу - өткенді ғана тану емес, қазіргі ұрпаққа ұлттық өнер мен салт-дәстүрдің маңызын түсіндірудің бір жолы. Бүгінгі таңда кейбір жастар сәукеленің мағынасын толық білмеуі мүмкін, бірақ оны ғылыми тұрғыда таныстыру, музейлерде, мәдени шараларда көрсету - ұлттық құндылықты сақтаудың маңызды қадамдарының бірі.

Сәукеле - халқымыздың тарихымен бірге жасасып келе жатқан жәдігер. Ол қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, әйел рөлінің трансформациясын, әулетаралық қарым-қатынастардың маңызын тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан сәукеле тек өткеннің ескерткіші емес, бүгінгі ұлт мәдениетінің құнды символы деп ойлаймын.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғаппарова Ұ. Б. Қазақтың ұлттық киімдері: оқу құралы. - Алматы: Өнер, 2010. - 240 б.
2. Тәттібаева А. Қ. Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері - Алматы: Санат, 2005. - 304 б.
3. Арғынбаев Х. А. Қазақтың отбасы және неке дәстүрлері - Алматы: Ғылым, 1996. - 256 б.
4. Жәнібеков Ө. С. Қазақ киімдерінің тарихы. - Алматы: Өнер, 1982. - 184 б.
5. Мұқанова Р. Е. Қазақ этнографиясы: оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2013. - 328 б.
6. Сейітұлы Е. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы: Атамұра, 2007.-224б.

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ: ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Қажитұлы С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А

Астана халықаралық университеті

[Kazietovvsamgar@gmail.com](mailto:Kazietovvsamgar@gmail.com)

Астана қ.

Кез келген өңірдің өзіндік табиғи болмысы болады, ал географиялық айрықша белгілер сол өлкенің даралығын айқындайды. Жер бедері, тау мен жота, өзен мен көл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі бәрі белгілі бір аймақтың болмысын танытатын табиғи қазына. Осындай нысандардың ішінде өзен мен көлдердің орны ерекше. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ даласының әрбір сай-саласы, қырқасы мен бұлағы ата-бабалар өмір сүрген ортаның тарихын сақтаған кеңістік. Табиғи атаулар сол аймақты мекендеген халықтың өмір салты мен дүниетанымын бейнелейтін маңызды таңбалық жүйе ретінде де танылады. Қазақ топырағында ежелгі дәуірлерден бастап қалыптасқан көптеген өзен-көл атаулары бар. Халық суды тіршілік көзінің басты нышаны санап, оны қасиетті, тіпті киелі құбылыс ретінде бағалаған. Сондықтан әрбір су нысанының аты белгілі бір мағынаға ие болып, табиғи ерекшелікке, судың түсіне, дәміне, ағысына немесе қоршаған ортаға қатысты сипаттама береді. «Сарысу», «Қарасу», «Талас», «Шу» сияқты атаулардың астарында географиялық мазмұнмен бірге этномәдени деректер де сақталған. Су атаулары халықтың шаруашылығы, қоныс жүйесі және экологиялық жағдайы жөнінде құнды ақпарат жеткізеді. Бұл үрдіс халық ауыз әдебиеті мен жазба поэзияда да өз жалғасын тапқан. Табиғатты жырлаған қазақ ақындарының ішінде Ілияс Жансүгіровтің орны ерекше. Оның «Жетісу суреттері» топтамасындағы немесе «Күй», «Күйші», «Мақпал», «Исатай» сияқты шығармаларындағы гидронимдер туған жердің көркем бейнесін ғана емес, ұлттық сезім мен табиғатқа деген құрметті айқын көрсетеді. Ақын қолданған су атаулары көркемдік деталь ретінде мәтіннің әсерін күшейтіп, тарихи-танымдық мазмұнды тереңдетеді. Мұндай атаулар арқылы белгілі бір кезеңдегі табиғи орта, жер бедері, халықтың тұрмыс салты жөнінде де маңызды ақпарат алуға болады. Гидронимдердің ғылыми тұрғыдан зерттелуі олардың тек тілдік бірлік емес, кешенді мәдени-тарихи феномен екенін дәлелдейді. Су атаулары бір жағынан географиялық бағдар беру қызметін атқарса, екінші жағынан белгілі бір аймақтың мәдени жадын сақтайтын символдық белгіге айналады. Әсіресе Жетісу секілді табиғаты бай өңірлердегі өзен-көл атаулары ғасырлар бойы қалыптасқан этникалық үрдістерді, көші-қон жолдарын, шаруашылық дәстүрлерді және экологиялық өзгерістерді көрсетуімен құнды. Халық тұрмысында кең қолданылған су нысандарына қатысты түсініктер, аңыздар, наным-сенімдер гидронимдер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол себепті гидронимдердің мағынасы мен этимологиясын анықтау тек тіл білімінің емес, тарих, этнография, география сияқты салалардың да ортақ міндетіне жатады. Әрбір өзеннің немесе көлдің атауы белгілі бір кезеңнің мәдени ізін сақтаған уақыт куәгері. Сондықтан су атауларын жүйелі түрде жинақтап, олардың семантикалық, тарихи және мәдени мазмұнын талдау қазақ ономастикасының маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, табиғи атауларды жүйелеу мен олардың тарихи деректерімен салыстыра талдау өңірдің өткенін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Гидронимдер аймақтық ерекшелікті ғана емес, халықтың рухани мұрасының да айнасы болып табылады. Сондықтан мұндай атауларды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу ұлттық танымды байытуға қызмет етеді. Бұл жұмыс болашақ зерттеулерге негіз болады. Ілияс Жансүгіров поэзиясында Жетісу аймағының табиғи кеңістігі ерекше көркемдік-танымдық қызмет атқарады. Ақынның шығармаларында кездесетін гидронимдер тек географиялық атаулар ғана емес, сонымен бірге өңірдің тарихи болмысын, этномәдени мазмұнын бейнелейтін маңызды тілдік дерек көзі болып табылады. Мәселен, «Жетісу суреттері» өлеңінде Күркілдек, Лепсі, Іле, Шу, Балқаш, Шелек, Шаған, Қаратал сияқты атаулар жиі көрініс береді; ал «Күй»